

«Жалақылық карта бойынша бонустар» науқанын өткізу ережесі

1. Науқанды ұйымдастырушы – «Еуразиялық банк» АҚ (бұдан әрі – Банк);
2. Науқанға қатысушылар – Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаларды қоспағанда, Банктің жалақы төлем карточкаларын («Жалақы картасы» өнімі бойынша ашылған) ұстаушылар болып табылатын Банк клиенттері-жеке тұлғалар;
3. Науқан механикасы – POS – терминалдар арқылы Банктің жалақылық төлем карточкасын пайдалана отырып, әрқайсысы кез келген соманы құрайтын 5 транзакция (бұдан әрі - транзакция) жасаған Науқанға қатысушыларға төлем карточкасының түріне байланысты, транзакция жасағаны үшін бонустар жинақтау бойынша белгіленген ай сайынғы [шектеулер шегінде](#), транзакция сомасының 5%-ы мөлшерінде қосымша бонус есептеледі;
4. Транзакциялардың сомасы мен саны шектелмеген;
5. Бонустар Банк транзакцияның жүргізілгенін растайтын құжатты алғаннан кейін есептеледі;
6. "Ойын-сауық" санаты бойынша қосымша бонус есептелмейді. Осы санатқа жататын дүкендер мен қызметтердің тізімі [сілтеме](#) арқылы қол жетімді;
7. Интернет арқылы жасалған транзакциялар үшін бонустар есептелмейді;
8. Бонустық бағдарламасы аясында белгіленген [шектеулер](#) Науқанға да қолданылады;
9. Науқанды өткізу кезеңі: 2024 жылғы «01» желтоқсаннан бастап 2024 жылғы «31» желтоқсанға дейін (қоса алғанда);
10. Банк кез келген уақытта Науқанның қолданылуын тоқтату немесе Науқанға Қатысушыларды алдын ала хабардар етусіз, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу құқығын өзіне қалдырады. Науқан шарттарына байланысты мәселелер бойынша Банк қабылдаған барлық шешімдер соңғы шешімдер болып табылады.